

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы  
Қоғамдық кеңес отырысының  
№ 3 ХАТТАМАСЫ**

20 сәуір 2017 жыл

Алматы қ.

**ҚАТЫСҚАНДАР**

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы Қоғамдық кеңестің (бұдан әрі – Кеңес) мүшелері:

- 1) Сәтпаев Досым Асылбекұлы, Кеңес төрағасы;
- 2) Алехова Александра Александровна;
- 3) Атоянц Базилина Геннадиевна;
- 4) Видянова Анна Владимировна;
- 5) Дамитов Қадыржан Қабдошұлы;
- 6) Дауталиев Данияр Жайдарұлы;
- 7) Жолдасбеков Азамат Мырзаданұлы;
- 8) Домбай Қуат Есімғалиұлы;
- 9) Жұманова Ботагөз Жақсылыққызы;
- 10) Ильичева Жанна Сендерисовна;
- 11) Кожухова Светлана Владимировна;
- 12) Құсайынов Айдархан Маратұлы;
- 13) Нұров Мархаббат Мешітбекұлы;
- 14) Своик Петр Владимирович;
- 15) Сейпульник Евгений Валерьевич;
- 16) Тәжібекова Жұмагүл Қуатбекқызы.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі-БЖЗҚ) өкілдері (дауыс беру құқығынсыз):

Наурызбаева Нұрбүбі Серікқажықызы, БЖЗҚ Басқарма төрайымы;  
Егеубаева Сауле Аскаровна, БЖЗҚ Басқарма төрағасының орынбасары;  
Төлегенова жанар Қорғанбекқызы, БЖЗҚ басқарушы директоры;  
Ақмаева Марина Абрахманқызы, БЖЗҚ баспасөз орталығының жетекшісі,  
Кеңес хатшысы.

Отырыс төрағасы – Сәтпаев Д. А.

Жиналыс хатшысы – Ақмаева М. А.

Отырысқа (оны өткізудің басында) 29 мүшенің 16-сы (55 %) қатысты.

Кеңесінің. Кеңес туралы Ереженің 38-тармағында айқындалған отырыс кворумы бар.

Кеңес төрағасы Досым Сәтпаев отырысты ашып, отырыстың күн тәртібі жобасын жария етті.

Кеңес мүшелері отырыстың күн тәртібі жобасына ескертулер мен ұсыныстар айтқан жоқ. Күн тәртібі ұсынылған түрде қабылданды.

**КҮН ТӘРТІБІ**

1. Кеңестің алғашқы жұмыс тобының жетекшісінен ағымдағы қызмет туралы (жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту жөніндегі ұсыныстар даярлау үшін) ақпарат. Соңғы нұсқаны дайындаудың соңғы мерзімін (шекті мерзімін) анықтау бойынша Кеңестің бірінші жұмыс тобының ұсыныстары мен ұсынымдары.

2. Кеңестің екінші жұмыс тобының (коммуникациялар жөніндегі) басшысынан топтың ағымдағы қызметі туралы ақпарат. БЖЗҚ өкілдерінің Кеңестің екінші жұмыс тобымен кездесу қорытындысы бойынша хабарламасы.

3. Зейнетақы жүйесін реформалау бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды әзірлеуге арналған Кеңестің үшінші жұмыс тобын құру туралы ұсыныс бойынша талқылау және дауыс беру.

4. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР заңының 5-бабына сәйкес зейнетақы жинақтарының сақталуына мемлекеттік кепілдік туралы ақпаратты салымшыларға жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме арқылы беру жөніндегі Кеңес ұсынымының жобасын талқылау.

5. БЖЗҚ-дан шетелдік тәжірибе туралы одан әрі Кеңестің барлық мүшелеріне жіберу үшін презентация дайындауға қатысты ақпарат.

## **ҚАРАЛДЫ**

Отырыстың күн тәртібіндегі мәселелерін талқыламас бұрын Кеңес мүшесі құрамынан шыққан Айдархан Құсайынов сөз алды, ол Кеңес құрамынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі (бұдан әрі – ҚРҰБ) ҚҰБ Төрағасының кеңесшісі ретінде жұмыс істеуінің басталуына орай шығып жатқаны туралы хабарлады. Сонымен қатар ол Кеңес жұмысына дауыс беру құқығынсыз ҚҰБ өкілі ретінде қатысуға дайын екендігін де білдірді.

Кеңес мүшелері Айдархан Құсайыновтың өтінішін назарларына алды.

Айдархан Құсайыновтың өтінішін ескере отырып, отырысқа 29 Кеңес мүшесінің 15-і (51 %) қатысты. Кеңес туралы Ереженің 38-тармағында айқындалған отырыс кворумы сақталады.

### **Отырыстың күн тәртібінің 1-мәселесі бойынша**

Азамат Жолдасбеков, Кеңестің бірінші жұмыс тобының (жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту бойынша ұсыныстар дайындау үшін құрылған) жетекшісі – топ мүшелері қолданыстағы жинақтаушы зейнетақы жүйесінің негізгі проблемалық және даулы тұстарын, яғни БЖЗҚ мәртебесін, оның акционерлерінің құрылымын, корпоративтік басқару жүйесін, тарифтік жүйені, зейнетақы активтерін басқаруды ұйымдастыру мәселелерін талдағандықтары туралы мәлімдеді. Топ мүшелерінің ҚҰБ-тың зейнетақы жинақтарының бір бөлігін зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияларға (ЗАБК) мен жеке басқарушы компанияларға (ЖБК) инвестициялық басқаруға беру ниетін түбегейлі қолдау туралы ортақ пікірін айтты. Бұл жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамытудың және орын алып отырған проблемаларды шешудің нақты жолдарының бірі болуы мүмкін. Оған қоса топ мүшелерінің пікірінше, зиян келтіру, алаяқтық және ұрлық жағдайларының алдын алу үшін жеке зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін басқарушылар қызметінің 1998-2013 жылдардағы теріс тәжірибесін зерделеуге ерекше назар аудару қажет. Топ аталған мәселелерді егжей-тегжейлі зерделеп, екі ай мерзімде Кеңестің қарауына жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту бойынша өз ұсыныстарын енгізуді жоспарлап отырғанын хабарлады.

Досым Сатпаев Кеңестің бірінші жұмыс тобының (жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту бойынша ұсыныстарды дайындау үшін құрылған) жетекшісінен жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту бойынша ұсыныстар Кеңестің қарауына екі ай ішінде енгізілетіні туралы ақпаратты назарға алу ұсынысын дауысқа салды.

Дауыс беру қорытындысы:

«Қолдағандар» - 15.

«Қарсы» - 0.

Айдархан Құсайынов Кеңес құрамынан шығу туралы өтінішіне байланысты дауыс беруге қатысқан жоқ.

### **Отырыстың күн тәртібінің 2-мәселесі бойынша**

Жанна Ильичева, Кеңестің екінші жұмыс тобының (коммуникациялар бойынша) жетекшісі, топтың жұмыс жоспары және топтың БЖЗҚ-ға БЖЗҚ қызметін ашық ету мақсатындағы бірлескен іс-әрекеттер бойынша ұсыныстары туралы айтып берді. Көпшілігі журналистер болып табылатын топ мүшелері қарапайым азаматтар – басылым оқырмандарынан және ақпараттық порталдардан түсетін БЖЗҚ түсініктемелерін алуға арналған сауалдарды өңдеуге дайын екендіктерін білдірді. БЖЗҚ өкілдерімен ағымдағы жылдың мамыр айының ортасында tengrnews.kz порталында интернет-конференция мен «Қазақстан» телеарнасында talk-шоу форматында пікірталас өткізу жоспарланған. Топ мүшелері мен БЖЗҚ өкілдері «Мамандығымызды бір күнге ауыстырамыз» бірлескен акциясын талқылады, оның барысында журналист Дербес қызмет көрсету орталығының операторы болмысына еніп, БЖЗҚ жұмысын іштен көріп, өз басынан өткізу мүмкіндігіне ие бола алады.

Сонымен қатар, топ мүшелері қазіргі уақытта БЖЗҚ-ның ағымдағы қызметі туралы ақпарат беру жағынан тек off-line БАҚ-қа ғана жол беріп тұрған әлеуметтік желілердегі жұмысты да жандандыру туралы ұсыныс жасады, соның ішінде Кеңестің Facebook-ке тіркелген тобындағы ақпараттық жұмыстарды белсендіру, сондай-ақ зейнетақы жүйесін жетілдіру бойынша қоғамдық пікірлерді, сауалдар мен ұсыныстарды жинау үшін түрлі арналарды пайдаланудан бастау керек екенін де айтты.

Кеңес мүшелері БЖЗҚ қарым-қатынастары мен БЖЗҚ ақпаратын ашу мәселелері бойынша ықтимал жүйелі шешімдерді талқылауға салуды ұсынды. Атап айтқанда, enpf.kz сайтында жарияланатын есептілік нысандарын салымшылар мен зейнетақы төлемдерін алушыларға түсінікті, ал кәсіби сарапшылық қоғамдастық қатысушыларының зерделеуі үшін қолжетімді болуы үшін талқылауды ұсынды. Бұдан бөлек, Қор сайтына жий қойылатын сұрақтар мен оларға берілетін жауаптарды жариялау да ұсынылды.

Талқылау барысында Кеңес мүшелерінің көпшілік алдында сөз сөйлеу практикасы және олардың бүкіл Кеңес атынан сұраныс жасаулары туралы мәселелер туындады.

Евгений Сейпульник БАҚ-қа сұрау салу және пікір білдіру кезінде бүкіл Кеңес және оның жекелеген мүшелерінің пікірлерін ажырату қажет деген ой білдірді. Атап айтқанда, ол бүкіл Кеңестің атынан, егер ол үшін оның мүшелерінің жалпы санының кемінде 50 пайызы дауыс берген болса сөз сөйлеуге болатындығын атап өтті, ол Кеңес туралы ережеде де жазылған.

Досым Сатпаев қарсылық білдірді, оның сөзінше интернет және мессенджерлер арқылы сырттай дауыс беру тәжірибесі бар, өйткені Кеңес мүшелерін жүзбе-жүз дауыс беруге жинау күрделі.

Е. Сейпульник пен Д. Сәтбаевтың сөйлеген сөздерін талқылау кезінде Кеңестің жоспарлы отырыстарына оның мүшелерінің қатысуы туралы сұрақ туындады.

Досым Сатпаев-келесі ұсынысты дауысқа салды:

1. Кеңестің екінші жұмыс тобының (коммуникациялар жөніндегі) жұмыс жоспарын мақұлдау.
2. Кеңес мүшесі Евгений Сейпульниктен шешімдерді жедел қабылдау үшін Кеңес мүшелерінің дауыс беруі (оның ішінде сырттай) механизмін әзірлеуді өтіну.
3. Кеңес хатшысына келесі отырысқа Кеңес мүшелерінің оның отырыстарына қатысуы туралы ақпарат дайындауды тапсыру.

Дауыс беру қорытындысы:

«Қолдайтындар» - 15.

«Қарсы» - 0.

Айдархан Құсайынов Кеңес құрамынан шығу туралы өтінішіне байланысты дауыс беруге қатысқан жоқ.

### **Отырыстың күн тәртібінің 3 мәселесі бойынша**

Кеңес мүшесі Петр Своик Қоғамды кеңестің бүкіл зейнетақы жүйесін салымшының көзқарасымен реформалау бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеуге және ол ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жолдауға арналған үшінші жұмыс тобын құру туралы пікірін жариялады.

Кеңес мүшесі Азамат Жолдасбеков үшінші жұмыс тобын құруға қарсы екендігін білдірді. Ол құрылған топтың қызметі жинақтаушы зейнетақы жүйесі мен БЖЗҚ құзыреті шегінен шығып кетуі мүмкін деген дәлел келтірді. БЖЗҚ мен ҚҰБ жұмыс тобына қажетті ақпаратты бере алмайтынын атап өтті.

Кеңес мүшесі Евгений Сейпульник А. Жолдасбековтың пікірін қолдады.

Айдархан Құсайынов та үшінші жұмыс тобын құруға қарсылық білдірді.

БЖЗҚ-ның Басқарма төрайымы Нұрбибі Наурызбаева ымыралы нұсқа ұсынды. Ол жалпы зейнетақы жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды Кеңестің бірінші жұмыс тобы шеңберінде әзірлеу керектігін айтты.

Кеңес төрағасы мен Кеңестің кейбір мүшелері П. Своиктің ұсынысын қолдады.

Досым Сатпаев Кеңестің үшінші жұмыс тобын (жалпы зейнетақы жүйесін реформалау бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу үшін) құру туралы ұсынысты дауысқа салды.

Дауыс беру қорытындысы:

«Қолдайтындар» - 9.

«Қарсы» - 6.

Айдархан Құсайынов Кеңес құрамынан шығу туралы өтінішіне байланысты дауыс беруге қатысқан жоқ.

Нәтижесінде Петр Своик Кеңестің үшінші жұмыс тобын құру туралы ұсынысын «бұл мәселені бүкіл Кеңес мүшелері қолдайтындай дәрежеге жетуі керек сияқты» деген тұжырыммен алып тастады.

Мәселе қараудан алынып тасталды.

### **Отырыс күн тәртібінің 4-мәселесі бойынша**

Кеңес мүшесі Петр Своик өзі дайындаған «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңның 5-бабы талаптарын толықтай орындау бойынша» Кеңес ұсыныстарын жария етті (төменде ұсынымдар мәтіні келтірілген, орфография мен пунктуациясы сақталған):

«Аталған бапта мемлекет алушыларға Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының белгіленген жасқа жеткен кездегі инфляция деңгейін ескере отырып сақталуына кепілдік беретіндігі белгіленген.

Осы құқықтық нормадан көрініп тұрғандай, жарналардың қауіпсіздігін инфляцияны ескере отырып қамтамасыз ету міндеті БЖЗҚ-ға тікелей жүктелген, ол осы міндетті салымшылар қажетті жасқа жетіп зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру сәтіне дейін орындауға міндетті. Әрине, БЖЗҚ осы заңнамалық талапты орындау үшін өзінің жинақтаушы есебінде жинақталған жарналар мен оларға есептелген инвестициялық кірістердің мөлшерін де, жинақталған инфляцияның орнын толтыруға жататын өтемақы мөлшерін де көрсетуге міндетті екені айтпаса да түсінікті. Салымшыға жинақтарды беру сәтінде заңды толық сақтау мүмкіндігі болуы үшін әрбір есепті кезеңде (ай, жыл) талап етілетін өтемақыны қамтамасыз етуге қажетті шараларды қабылдай отырып әрекет етеді.

Шын мәнінде, зейнетақы жарналарының деңгейін инфляцияны ескере отырып сақтау кепілдігі БЖЗҚ-да орындалмайды. Керісінше, оларға есептелген инвестициялық кіріс есебімен бірге жинақталған жарналардың деңгейі жинақталған инфляциядан көп артта қалып қалған. Ол салымшы азаматтарды жинақтарға инфляция бойынша есептелетін

қосымша инвестициялық табыс алу құқығынан, сондай-ақ тек жинақтар ғана емес, жинақталған компенсация туралы да маңызды ақпарат алу құқығынан айырады, сондай-ақ олардың жалпы жинақтаушы зейнетақы жүйесіне деген сенімін жоғалтады.

Оның үстіне, орын алған және Заңда айтылған талапқа сәйкес келмейтін тәжірибе бойынша БЖЗҚ есеп жасаудан және өтемақы төлеуді жүзеге асырудан шеттетілген, ол міндет Зейнетақы төлеу жөніндегі орталыққа жүктелген. Өтемақы төлеу де азаматтарға түсініксіз әдістеме, көмескі тәсіл арқылы жасалады, соның кесірінен азаматтар өтемақының жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысқан барлық жылдар үшін жасалғанына объективті түрде көз жеткізіп, жасалған есептеулерді тексеру мүмкіндігінен айырылған.

Мұндай жағдайда өтемақы толық емес, барлық жылдар үшін төленбейді және жасырын лимиттер мен шектеулер қолданылады деген қауесеттер мен болжамдар туындайды. Бұл да жинақтаушы зейнетақы жүйесіне деген сенімнің артуына тосқауыл болады.

### **Сондықтан ҰСЫНЫМ ЖАСАЙМЫЗ:**

1. «Зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңның 5-бабының талаптарын орындау үшін Ұлттық Банк пен БЖЗҚ-ға олар жүргізетін жария есептілік жинақтаушы инфляция өтемақысының жинақтаушы есебімен толықтырылсын;

2. БЖЗҚ салымшы азаматтардың ақпараттық үзінді көшірмелерін жинақталатын жарналар мен инфляцияның жинақ өтемақысы көрсетіліп жинақталған инфляциясы бар инвестициялық салымдар арақатынасы туралы мәліметтермен толықтырсын;

3. БЖЗҚ Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен және Қаржы министрлігімен бірлесіп инвестициялық кірістердің инфляциядан қалыс қалған жағдайында заң бойынша талап етілетін жыл сайынғы өтемақысы туралы мәселені шешсін».

БЖЗҚ Басқарма Төрайымы Нұрбүби Наурызбаева заңнама талаптарына сәйкес зейнетақы жарналарының инфляция деңгейінен төмен емес дәрежеде сақталуына мемлекеттік кепілдік зейнетақы төлемдеріне құқық туындаған сәтке көзделгенін атап өтті. Тиісінше, жинақтары түрлі деңгейдегі және зейнеткерлікке шығу мерзімі де басқаша болып келетін салымшылар үшін бұл көрсеткіштерді есептеу тек үлкен қателіктермен (ұзақ мерзімді кезеңге инфляция деңгейі мен кірістілік туралы ақпарат жоқ болғандықтан) ғана жасалуы мүмкін, ол салымшыларды адастыруы мүмкін.

БЖЗҚ Басқарма төрағасының орынбасары Сәуле Егеубаева қазіргі уақытта «зейнетақы калькуляторын» мемлекеттік кепілдікті орындау шеңберінде өтемақының болжамды мөлшерін (сұрау салу сәтінде) есептеу функциясымен толықтыру жұмыстары жүргізіліп жатқаны туралы ескертіп өтті. Сонымен қатар, жеке зейнетақы шотынан жыл сайын берілетін үзінді көшірмеде керекті кезеңдегі инвестициялық кіріс пен инфляция деңгейінің пайыздық арақатынасы көрсетіледі.

Кеңес мүшесі Петр Своик Сауле Егеубаева айтып өткен нұсқа мәселенің шешімі болып табылмайтыны, бірақ дұрыс бағытта жасалған қадам екендігі туралы өз пікірін айтып өтті.

Ақпарат Кеңес мүшелерінің назарына ілікті. Осы мәселе төңірегінде қандай да бір шешім қабылданған жоқ.

### **Күн тәртібіндегі 5 мәселе бойынша**

БЖЗҚ Басқарма Төрайымының орынбасары Сауле Егеубаева БЖЗҚ-ның Кеңес мүшелерінің назарына зейнетақы жүйесінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі шетелдік

тәжірибе туралы ақпаратты Кеңес мүшелерін қызықтыратын барлық мәселелер бойынша ұсынуға дайын екендігі туралы хабарлады.

Ақпарат Кеңес мүшелерінің назарына ілікті. Осы мәселе төңірегінде қандай да бір шешім қабылданған жоқ.

**Отырыстың күн тәртібінен тыс**

Кеңестің келесі отырысын 2017 жылдың 24 мамыры күні өткізу туралы ұсыныс жасалды.

Кеңестің отырысқа қатысып отырған барлық мүшелері Кеңестің келесі отырысын өткізу бойынша ұсыныс жасалған күнмен келісті.

## **ШЕШТІ**

### **Отырыстың күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша**

Кеңестің бірінші жұмыс тобының (жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту жөнінде ұсыныстар дайындау үшін) басшысынан жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту бойынша ұсыныстарын Кеңес қарауына екі ай ішінде шығаратындықтары туралы ақпарат назарға алынсын.

### **Отырыстың күн тәртібінің 2-мәселесі бойынша**

1. Кеңестің екінші жұмыс тобының (коммуникациялар жөніндегі) жұмыс жоспары мақұлданын.

2. Кеңес мүшесі Евгений Сейпульниктен шешімдерді жедел қабылдау үшін Кеңес мүшелерінің дауыс беруі (оның ішінде сырттай) механизмін жасау сұралсын.

3. Кеңес хатшысына келесі отырысқа Кеңес мүшелерінің оның отырыстарына қатысуы туралы ақпарат беру тапсырылсын.

### **Отырыстың күн тәртібінің 3-мәселесі бойынша**

Мәселе қарастырудан алынды.

### **Отырыстың күн тәртібінің 4-мәселесі бойынша**

Ақпаратты кеңес мүшелері назарға алды. Мәселе бойынша шешім қабылданған жоқ.

### **Отырыстың күн тәртібінің 5-мәселесі бойынша**

Ақпаратты кеңес мүшелері назарға алды. Мәселе бойынша шешім қабылданған жоқ.

### **Отырыстың күн тәртібінен тыс**

Кеңестің келесі отырысы 2017 жылғы 24 мамырда өткізілсін.

**Отырыс төрағасы Д. Сәтпаев**

**Отырыс хатшысы М. Ақмаева**

Кеңес мүшелері:

- 1) Алёхова Александра Александровна \_\_\_\_\_
- 2) Атоянц Василина Геннадиевна \_\_\_\_\_
- 3) Видянова Анна Владимировна \_\_\_\_\_
- 4) Дамитов Қадыржан Қабдошұлы \_\_\_\_\_
- 5) Дауталиев Данияр Жайдарұлы \_\_\_\_\_
- 6) Жолдасбеков Азамат Мырзаданұлы \_\_\_\_\_
- 7) Домбай Қуат Есімғалиұлы
- 8) Жұманова Ботагөз Жақсалыққызы;
- 9) Ильичёва Жанна Сендерисовна;
- 10) Кожухова Светлана Владимировна;
- 11) Құсаинов Айдархан Маратұлы;
- 12) Нұров Мархаббат Мешітбекұлы;
- 13) Своик Петр Владимирович;
- 14) Сейпульник Евгений Валерьевич;
- 15) Тәжібекова Жұмагүл Қуатбекқызы.